

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтарға жол бермеу туралы конвенцияға және оған Хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы N 1676 Қаулысы

Мемлекеттер арасындағы екі жақты байланыстарды тереңдету және Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігінің арасындағы экономикалық қатынастарды одан әрі дамыту үшін құқықтық негіз жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция мен оған Хаттаманың жобалары мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға және оған Хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 6

қ а з а н д а ғ ы

N

1 6 7 6

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны жасасуға ықылас білдіре

о т ы р ы п ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Конвенция қолданылатын салықтар

1. Осы Конвенция Уағдаласушы мемлекеттің немесе оның әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының атынан өндіріп алынатын табысқа салынатын салықтарға оларды өндіріп алу әдісіне қарамастан қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен айырудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін қызмет ақының немесе жалақының жалпы сомасынан өндіріп алынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының өсіміне салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жеке элементтерінен өндіріп алынатын салықтың барлық түрлері табыс салығы болып есептеледі.

3. Конвенция қолданылатын салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

- a) Қазақстан Республикасы жағдайында:
 - (i) корпорациялық табыс салығы;
 - (ii) жеке табыс салығы;(бұдан әрі "Қазақстан салықтары" деп аталады);
- b) Сауд Арабиясы Корольдігі жағдайында:
 - (i) Зекет (Zakat);
 - (ii) табиғи газдың инвестициялық салығын қамтитын табыс салығы;(бұдан әрі "Сауд салықтары" деп аталады).

4. Осы Конвенцияның ережелері осы Конвенцияға қол қойылған күнінен кейін қолданыстағы салықтарға қосымша немесе олардың орнына өндіріп алынатын бірдей немесе мәні бойынша ұқсас кез келген салықтарға да қолданылады. Екі Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органдары өздерінің тиісті салық заңнамаларындағы кез келген елеулі өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

3-бап

Жалпы анықтамалар

1. Егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада қолданылған кезде "Қазақстан" термині Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және өзінің заңнамасы мен өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан өзінің егемендік құқықтары мен заңды құзырын жүзеге асыратын аймақтарды қамтиды;

б) Сауд Арабиясы Корольдігі Сауд Арабиясы Корольдігін білдіреді, ол аумақтық суларды да, өз заңдары мен өзінің суларына, теңіз түбіне, жер қойнауына және өзінің табиғи ресурстарына халықаралық құқық негізінде Сауд Арабиясы Корольдігі өзінің егемен және заңды құқықтарын жүзеге асыратын осындай сулардан тыс облыстарды да қамтиды ;

с) Уағдаласушы мемлекет және екінші Уағдаласушы мемлекет түпмәтінге байланысты Қазақстанды немесе Сауд Арабиясы Корольдігін білдіреді;

д) тұлға мемлекетті, оның әкімшілік бөлімшелерін немесе жергілікті билік органдарын қоса алғанда, жеке тұлғаны, компанияны немесе тұлғалардың кез келген басқа бірлестігін қамтиды ;

е) компания салық салу мақсаттары үшін корпорациялық бірлестік ретінде қаралатын кез келген корпорациялық бірлестікті немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді ;

ф) Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны және екінші Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны, тиісінше Уағдаласушы мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

г) халықаралық тасымал теңіз немесе әуе кемесі екінші Уағдаласушы мемлекеттің пункттері арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы мемлекетте тиімді басқару орны бар Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен кез келген тасымалды білдіреді;

h) ұ л т т ы қ т ұ л ғ а :

(i) Уағдаласушы мемлекеттің азаматтығын алған кез келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы мемлекеттің қолданыстағы заңнамасының негізінде осындай мәртебе алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты білдіреді;

i) қ ұ з ы р е т т і о р ғ а н :

(i) Қазақстан жағдайында - Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Сауд Арабиясы Корольдігі жағдайында - Қаржы министрі немесе оның уәкілетті өкілі білдіретін Қаржы министрлігін білдіреді.

2. Уағдаласушы мемлекет осы Конвенцияны кез келген уақытта қолданған кезде, онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы

Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы мемлекеттің заңнамасы бойынша сол уақытта қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаны иеленетін болады, осы мемлекеттің қолданылатын салық заңнамасы бойынша кез келген мағына осы мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін мағынадан жоғары басым болады.

4-бап

Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы мемлекеттің резиденті" термині :

а) осы мемлекеттің заңнамасы бойынша оның тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны, тіркелу орны немесе осындай сипаттағы кез келген басқа өлшем негізінде салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді және сондай-ақ осы мемлекетті және кез келген әкімшілік бөлімшені немесе жергілікті билік органын қамтиды ;

б) Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған және:

i) тек діни, қайырымдылық, білім беру, ғылыми мақсаттар үшін; немесе
ii) жоспарға сәйкес зейнетақыларды немесе қызметшілерге басқа да осындай төлемдерді қамтамасыз ету үшін осы мемлекетте әдетте салықтан босатылған заңды тұлғаны білдіреді .

Алайда, бұл термин осы мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа қатысты ғана осы мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі мынадай түрде айқындалады :

а) ол өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы орналасқан Уағдаласушы мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі; егер Уағдаласушы мемлекеттердің екеуінде де оның иелігіндегі тұрақты баспана болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары ("өмірлік мүдделер орталығы") бар мемлекеттің резиденті болып есептеледі ;

б) егер оның "өмірлік мүдделер орталығы" бар Уағдаласушы мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе Уағдаласушы мемлекеттердің ешқайсысында оның иелігіндегі тұрақты баспана болмаса, онда ол өзі әдетте тұрып жатқан Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып есептеледі ;

с) егер ол әдетте Уағдаласушы мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып есептеледі ;

д) егер оның Уағдаласушы мемлекеттердің ешқайсысында да азаматтығы болмаса,

онда Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары бұл мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, ол тиімді басқару орны орналасқан мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. Атап айтқанда, "тұрақты мекеме" термині:

а) басқару орнын;

б) бөлімшені;

с) кеңсені;

д) фабриканы;

е) шеберхананы;

ф) табиғи ресурстарды өндіретін немесе барлайтын кез келген орынды қамтиды, бірақ бұлармен шектелмейді.

3. "Тұрақты мекеме" термині, сондай-ақ мыналарды:

а) егер мұндай алаң, объект немесе қызмет 6 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрған болса ғана, құрылыс алаңын, құрастырманы, монтаждау немесе құрастыру объектісін немесе осы жұмыстардың орындалуын бақылауға байланысты қызметтерді;

б) егер мұндай сипаттағы қызмет кез келген 12 айлық кезеңнің шегінде 6 айдан астам кезеңде немесе кезеңдерде Уағдаласушы мемлекеттің шегінде жалғасып келген болса (осындай немесе оған байланысты жоба үшін) қызметшілер немесе кәсіпорын осындай мақсаттар үшін жалдаған басқа персонал арқылы кәсіпорынның консультациялық қызметтерін қоса алғанда, қызметтер көрсетуді қамтиды.

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, "тұрақты мекеме" термині мынадай қызмет түрлерін:

а) құрылыстарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды тек сақтау немесе көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін пайдалануды;

б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау немесе көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ұстауды;

с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ұстауды;

д) тұрақты қызмет орнын тек тауарларды немесе бұйымдарды сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпаратты жинау үшін ұстауды;

е) тұрақты қызмет орнын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе қосалқы сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ұстауды;

ф) осындай амалдың нәтижесінде туындайтын тұрақты қызмет орнының жиынтық қызметі дайындық немесе қосалқы сипатта болу шартымен тұрақты қызмет орнын а) тармақшасынан бастап е) тармақшасын қоса алғанда санамаланған қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін ұстауды;

г) кездейсоқ уақытша жәрмеңкелерде немесе көрмелерде ұсынылған кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сатуды қамтиды деп қаралмайды.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер оған 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға Уағдаласушы мемлекетте екінші Уағдаласушы мемлекет кәсіпорнының атынан әрекет етсе, онда бұл кәсіпорын, е г е р о с ы н д а й т ұ л ғ а :

а) егер оның қызметі осы баптың 4-тармағында айтылған және егер тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылса да, осы тұрақты кәсіпкерлік қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын қызмет түрлерімен шектелмейтін болса, осы мемлекетте кәсіпорын атынан келісім-шарттар жасасуға өкілеттіктері бар болса және әдетте пайдаланса; немесе

б) мұндай өкілеттіктері жоқ, бірақ әдетте кәсіпорын атынан тұрақты негізде одан тауарлар немесе бұйымдар жеткізетін бірінші айтылған мемлекетте тауарлар немесе бұйымдар қорын ұстаса, осы тұлғаның кәсіпорын үшін қолға алатын кез келген қызметіне қатысты алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қаралатын болады.

6. Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны кәсіпкерлік қызметін осы екінші мемлекетте брокер, негізгі комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асыратынына байланысты осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет етеді деген шартпен, екінші Уағдаласушы мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорны ретінде қаралмайды.

7. Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы екінші мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы (не тұрақты мекеме арқылы не басқаша түрде) фактісінің өзі-ақ осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысына (ауыл немесе орман шаруашылығынан алынатын табысты қоса алғанда) осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы

м ү м к і н .

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасы бойынша берілгендей мағынаға ие болады. Бұл термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл және орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктің және минералдық ресурстарды, көздерді және басқа да табиғи ресурстарды игеру немесе игеру құқығы үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге құқықтарды қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қ а р а л м а й д ы .

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған т а б ы с қ а қ о л д а н ы л а д ы .

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен түсетін табысына және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмаса, кәсіпорынның пайдасына тек осы мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жоғарыда айтылғандай жүзеге асырса, онда кәсіпорынның п а й д а с ы н а е к і н ш і м е м л е к е т т е :

- a) о с ы н д а й т ұ р а қ т ы м е к е м е г е ;
- b) тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға сәйкес келетін немесе ұқсас тауарларды немесе бұйымдарды осы екінші мемлекетте сатуға; немесе
- c) осы екінші мемлекетте жүзеге асырылатын, өзінің сипаты жағынан осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сәйкес келетін немесе ұқсас басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігіне ғана салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса, онда әрбір Уағдаласушы мемлекетте осы тұрақты мекемеге, егер ол оқшау және дербес кәсіпорын болып, осындай немесе ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе ұқсас қызметпен айналысып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасағанда а л у ы м ү м к і н п а й д а ж а т қ ы з ы л а д ы .

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде тұрақты мекеме орналасқан

мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын қоса алғанда, тұрақты мекеменің кәсіпкерлік қызметінің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге жол беріледі. Алайда, егер тұрақты мекеменің кәсіпорынның бас кеңсесіне немесе оның басқа кеңселеріне роялти, қаламақылар немесе патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін басқа да ұқсас төлемдер түрінде немесе ұсынылған ерекше қызметтер үшін немесе басқару үшін комиссиялық төлемдер түрінде немесе банк кәсіпорындарын қоспағанда, тұрақты мекемеге ұсынылған ақшалай қарызға қатысты борыштық талаптардан түсетін кіріс түрінде төлеген (іс жүзіндегі шығыстарды өтеуден өзге) сомалар бар болса, бұларға қатысты шегеруге жол берілмейді. Осылайша, тұрақты мекеменің пайдасы тұрақты мекеме кәсіпорынның бас кеңсесінен немесе оның кез келген басқа бөлімшелерінен роялти, қаламақылар немесе патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін басқа да ұқсас төлемдер түрінде; ерекше қызметтері үшін немесе басқару үшін комиссиялық төлемдер түрінде; немесе банк кәсіпорындарын қоспағанда, кәсіпорынның бас кеңсесіне немесе оның кез келген басқа бөлімшесіне берілген ақшалай қарызға қатысты борыштық талаптардан кіріс түрінде алған (іс жүзіндегі шығыстарды өтеуден өзге) соманы қамтымауы тиіс.

4. Басқа ережелерге қарамастан, Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы мемлекетке өнімдер экспорттаудан алған кәсіпкерлік пайдаға осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынбауы тиіс. Егер экспорттық келісім-шарттар осы екінші Уағдаласушы мемлекетте жасалатын өзге іс-әрекеттерді қамтитын болса, онда осындай іс-әрекеттерден алынған пайдаға екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. "Кәсіпкерлік пайда" термині өндірістік, коммерциялық, банктік қызметтен, ішкі тасымалдау операцияларынан алынған, қызметтер көрсетуден және материалдық жеке жылжымалы мүлік үшін жалгерлік ақысынан түскен кірісті қамтиды, бірақ онымен шектелмейді. Бұл термин жеке тұлғаның қызметші ретінде немесе тәуелсіз нысанында жеке қызметтерді орындауын қамтымайды.

6. Осы бапта ештеңе де резидент еместердің сақтандыру қызметінен алатын пайдасына салынатын салықтарға қатысы бар Уағдаласушы мемлекеттің кез келген заңнамасының қолданысын қозғамауға тиіс.

7. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарларды немесе бұйымдарды сатып алуының негізінде ғана осы тұрақты мекемеге қандай да болмасын пайда есептелмейді.

8. Осы баптың алдыңғы тармақтарының мақсаттары үшін, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептері болмаса, тұрақты мекемеге жататын пайда жыл сайын біркелкі тәсілмен айқындалады.

9. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында жеке айтылған табыс түрлерін қамтыса, онда осы баптың ережелері бұл баптардың ережелерін қозғамайды.

8-бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдаланудан түскен пайдаға кәсіпорынды тиімді басқару орны бар Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

2. "Теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық пайдаланудан алынған пайда" термині:

а) халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесін толық (уақыты немесе рейсі) жалға беруден алынған пайданы;

б) халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесін экипажсыз кездейсоқ жалдаудан алынған пайданы;

с) халықаралық тасымалда пайдаланылатын контейнерлерді және онымен байланысты жабдықты пайдаланудан немесе жалға беруден алынатын, теңіз немесе әуе кемесін халықаралық тасымалда пайдаланудан алынатын кіріске қосымша болып табылатын пайданы қамтиды.

3. Егер теңіз кәсіпорнын тиімді басқару орны кеменің бортында орналасса, онда ол кемені тіркеу порты орналасқан Уағдаласушы мемлекетте, ал ондай тіркеу порты болмаған кезде - кемені пайдаланушы резиденті болып табылатын Уағдаласушы мемлекетте орналасқан болып есептеледі.

4. Осы баптың 1-тармағының ережелері пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымға қатысудан алынатын пайдаға да қолданылады.

9-бап

Қауымдасқан кәсіпорындар

1. Егер

а) Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

б) дәл сол тұлғалар Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорындардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың болуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы мемлекет екінші Уағдаласушы мемлекет кәсіпорнының осы екінші мемлекетте салық салынған пайдасын осы мемлекет кәсіпорнының пайдасына

қосса әрі тиісінше, салық салса және осы мемлекет осылайша қосылған пайда алғашқы аталған мемлекеттің кәсіпорнына есептелетін пайда болатын болса, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара қатынастар кәсіпорындардың арасында болатын тәуелсіз қатынастардай болса, онда осы екінші мемлекет осындай пайдадан өндіріп алынатын салық сомасына тиісті түзету жасайды. Осындай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа да ережелері ескерілуі тиіс және Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған кезде бір-бірімен консультациялар жүргізіп отыруға тиіс.

10-бап

Дивидендтер

1. Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы мемлекетте және осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес мұндай дивидендтерге салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осындай жолмен өндіріп алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 5 пайызынан аспауы тиіс.

Бұл тармақ компанияның дивидендтер төленетін пайдасына қатысты салық салуды қ о з ғ а м а й д ы .

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланған кезде акциялардан, "жуиссанс" акцияларынан немесе "жуиссанс" құқықтарынан, тау-кен өнеркәсібі акцияларынан, құрылтайшылардың акцияларынан немесе борыштық талаптар болып табылмайтын, пайдаға қатысуға құқық беретін басқа құқықтардан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді дәл сондай салықтық реттеуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын, дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып табылатын екінші Уағдаласушы мемлекеттегі куә немесе осы екінші мемлекетте орналасқан тұрақты базамен байланысы жоқ жеке қызметтер көрсетсе және оған қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Конвенцияның 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы мемлекеттен пайда немесе табыс алатын болса, мұндай дивидендтер осы екінші мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін

холдинг осы екінші мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен шын мәнінде байланысты болатын жағдайды қоспағанда, осы екінші мемлекет компания төлейтін дивидендтерден кез келген салықты өндіріп ала алмайды, және егер тіпті төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда толығымен немесе ішінара осы екінші мемлекетте пайда болған пайдадан немесе табыстан құралса да, компанияның бөлінбеген пайдасынан салық өндіріп алынбайды.

11-бап

Борыштық талаптардан алынатын табыс

1. Уағдаласушы мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы мемлекеттің резидентіне төленетін борыштық талаптардан алынатын табысқа осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда борыштық талаптардан алынатын мұндай табыстарға олар пайда болатын Уағдаласушы мемлекетте және осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынады, бірақ борыштық талаптардан алынатын табыстың іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша өндіріп алынатын салық борыштық талаптардан алынатын табыстың жалпы сомасының 10 процентінен аспауға т и і с .

3. "Борыштық талаптан алынатын табыс" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген борыштық талаптардың және борышкерлердің пайдасына қатысу немесе қатыспау құқығынан алынатын табысты және атап айтқанда, мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақтылы төлемегені үшін айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін борыштық талаптардан алынатын табыстар ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

4. Егер Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын борыштық талаптардан алынатын табыстың іс жүзіндегі иесі борыштық талаптардан алынатын табыс пайда болатын екінші Уағдаласушы мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші мемлекетте орналасқан тұрақты базамен байланысы жоқ жеке қызметтер көрсетсе және өзіне қатысты табыс төленетін борыштық талаптар шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға байланысты осы Конвенцияның 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қ о л д а н ы л а д ы .

5. Егер төлеуші осы мемлекеттің резиденті болып табылса, борыштық талаптардан

алынатын табыс Уағдаласушы мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда, егер мұндай табыс төлеуші тұлға Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын-табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы мемлекетте осындай табыс төленетін берешек пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай табысты осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлеуге жататын болса, онда мұндай табыс тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер төлеуші мен іс жүзіндегі иеленуші арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа бір тұлға арасындағы ерекше қатынастардың себебінен ол бойынша борыштық талап төленген борыштық міндеттемеге қатысты борыштық талаптардан алынатын табыс сомасы төлеуші мен иеленуші арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісілуі мүмкін сомадан асып кетсе, осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға жатады.

12-бап

Роялти

1. Уағдаласушы мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге ол пайда болатын Уағдаласушы мемлекетте және осы Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы да мүмкін, бірақ, егер роялтидің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осындай тәсілмен өндіріп алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде бағдарламалық қамтамасыз етуді, кинематографиялық фильмдерді немесе радиода және телевизия бағдарламаларында пайдаланылатын фильмдерді немесе жазбаларды, кез келген патентті, сауда маркасын, дизайнды немесе модельді, жоспарды, құпия формуланы немесе процесті, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпаратты немесе қоса алғанда, әдебиет, өнер немесе ғылым туындыларына кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе осындай құқықты пайдалануға бергені үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез келген түрін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төлемдерді білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы мемлекеттік резиденті болып табылатын роялтидің іс жүзіндегі иесі роялти пайда болған екінші Уағдаласушы мемлекеттегі кәсіпкерлік

қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы немесе осы екінші мемлекетте орналасқан тұрақты базамен байланысы жоқ жеке қызметтер көрсетсе және өздеріне қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға байланысты осы Конвенцияның 7-бабының және 14-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын-табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы мемлекетте оған байланысты роялти төлеу міндеттемесі пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай роялти осы тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен іс жүзіндегі иеленуші арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа бір тұлға арасындағы ерекше қатынастар болу салдары негізінде төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде роялти төлеуші мен іс жүзіндегі иеленуші арасында келісуге мүмкін сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басым артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынады.

13-бап

Мүлік құнының өсімінен алынатын табыс

1. Уағдаласушы мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның 6-бабында айқындалған және екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алатын табыстарға осы екінші мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан немесе мұндай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) немесе осындай тұрақты базаны иеліктен шығарудан алынатын осындай табыстарды қоса алғанда, тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсатында екінші Уағдаласушы мемлекетте Уағдаласушы мемлекет резидентінің иелігіндегі тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен түсетін табыстарға осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға кәсіпорынды тиімді басқару орны орналасқан

Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

4. Осы баптың 2-тармағының ережесіне қарамастан, Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компаниядағы үлесті құрайтын акцияларды иеліктен шығарудан түсетін табыстарға осы мемлекетте салық алынады.

5. Алдыңғы тармақтарда айтылғаннан өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табыстарға мүлікті иеліктен шығарушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

14-бап

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Кәсіби қызметтерге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа қызметке қатысты Уағдаласушы мемлекеттің резиденті алған табысқа, мұндай табысқа екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін мынадай жағдайларды қоспағанда, тек осы мемлекетте ғана салық салынады:

а) егер өзінің қызметін жүзеге асыру мақсаты үшін оның екінші Уағдаласушы мемлекетте оған тұрақты негізде қол жетімді тұрақты базасы болса; мұндай жағдайда табыстың осы тұрақты базаға жататын бөлігіне ғана осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынады; немесе

б) егер ол екінші Уағдаласушы мемлекетте тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиыны 183 күннен асып түсетін кезеңнің немесе кезеңдердің ішінде болған болса; мұндай жағдайда осы екінші мемлекетте орындалған оның қызметінен алынған табыстың көп бөлігіне ғана осы екінші мемлекетте салық салынады.

2. "Кәсіби қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлері мен бухгалтерлердің тәуелсіз қызметін қамтиды.

15-бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. Осы Конвенцияның 16, 18, 19 және 20-баптарының ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған еңбекақыға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыға, егер тек жалданып жұмыс істеу екінші Уағдаласушы мемлекетте орындалмаса, осы мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша орындалса, осыған байланысты алынған сыйақыға осы екінші мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласушы мемлекетте орындалатын жалданып істелген жұмысқа байланысты Уағдаласушы

мемлекеттің резиденті алған сыйақыға, егер:

а) алушы тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиыны 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы осы екінші мемлекетте болса;

б) сыйақыны екінші мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төленсе; және

с) сыйақыны жалға алушының екінші мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе, тек алғашқы айтылған мемлекетте салық салынады.

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында орындалатын жалданып істейтін жұмысқа қатысты алынған сыйақыға кәсіпорынды тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап

Директорлардың қаламақылары

Екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Уағдаласушы мемлекеттің резиденті алған директорлардың қаламақыларына және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Артистер мен спортшылар

1. Осы Конвенцияның 14 және 15-баптарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе телевизия артисі секілді өнер қызметкері немесе сазгер ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының осы өзінің сипатында жүзеге асыратын жеке қызметінен алатын табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа 7, 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан, артистің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы мемлекетте осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген қызметті жүзеге асыруынан алатын табысы, егер екінші Уағдаласушы елге келуін бірінші аталған Уағдаласушы мемлекеттің қоғамдық ұйымдары, оның Әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары

толығымен немесе негізінен қолдаса немесе Уағдаласушы мемлекеттердің Үкіметтері арасында мәдени келісім немесе уағдаластық орын алса, осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салықтан босатылады.

18-бап

Зейнетақылар

1. Осы Конвенцияның 19-бабының 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы мемлекеттің резидентіне бұрын жүзеге асырған жұмысы үшін төленетін зейнетақылар мен басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы мемлекеттің немесе оның әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті билік органдарының әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің бір бөлігі болып табылатын қоғамдық схемаға сәйкес төленетін зейнетақыларға және басқа да төлемдерге осы екінші мемлекетте ғана салық салынады.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Жеке тұлғаға Уағдаласушы мемлекет немесе әкімшілік бөлімшелер немесе жергілікті билік органдары осы мемлекет немесе оның әкімшілік бөлімшелері немесе жергілікті билік органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін төлейтін еңбекақыға, жалақыға және зейнетақыдан өзге осыған ұқсас сыйақыға осы мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, мұндай еңбекақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы мемлекетте жүзеге асырылса және осы екінші мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға :

i) осы мемлекеттің азаматы болып табылса; немесе
ii) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы мемлекеттің резиденті болмаса, тек екінші Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Жеке тұлғаға осы мемлекет немесе әкімшілік бөлімше немесе жергілікті билік органы үшін жүзеге асырған қызметі Уағдаласушы мемлекет немесе әкімшілік бөлімше немесе жергілікті билік органы төлейтін кез келген зейнетақыға осы мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, мұндай зейнетақыға егер жеке тұлға осы мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса, тек екінші Уағдаласушы мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Конвенцияның 15, 16, 17 және 18-баптарының ережелері Уағдаласушы мемлекет немесе әкімшілік бөлімше немесе жергілікті билік органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметке қатысты еңбекақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

20-бап

Студенттер

1. Уағдаласушы мемлекетке келер алдында тікелей екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және алғашқы айтылған мемлекетте тек білім алу немесе практикадан өту мақсатында ғана жүрген студент немесе практикант өзін ұстау, білім алу немесе практикадан өту мақсатында алатын төлемдердің көздері осы мемлекеттен тысқары жерде болған жағдайда, осы төлемдерге салық салынбайды.

2. Уағдаласушы мемлекетке келер алдында тікелей екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылған және алғашқы айтылған Уағдаласушы мемлекетте тек білім алу немесе практикадан өту мақсатында ғана жүрген студент немесе практикант алған және осы Уағдаласушы мемлекетте жүзеге асырылатын қызметтер үшін сыйақыны құрайтын төлемдерге, қызметтер білім алуға немесе практикадан өтуге байланысты және осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда, осы екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынбайды.

21-бап

Оқытушылар мен зерттеушілер

Уағдаласушы мемлекетке осы мемлекеттің немесе университеттің, колледждің, мектептің, мұражайдың немесе осы мемлекеттің басқа мәдени институтының шақыруы бойынша немесе мәдени алмасудың ресми бағдарламасына сәйкес сабақ беру, дәріс оқу немесе осындай институт үшін зерттеулер жүргізу мақсатында ғана келген және сапарға дейін екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған жеке тұлға өзі алатын осындай сыйақы көзі осы мемлекеттен тысқары жерде болған жағдайда, осындай қызметтен алатын өзінің сыйақыларына қатысты алғашқы айтылған мемлекетте салық салудан босатылады.

22-бап

Басқа да табыстар

1. Осы Конвенцияның алдыңғы баптарында олар туралы айтылмаған пайда болу көзіне қарамастан, Уағдаласушы мемлекет резидентінің табыс түрлеріне тек осы мемлекетте ғана салық салынады.

2. Егер мұндай табыстарды алушы Уағдаласушы мемлекеттің резиденті бола тұра, екінші Уағдаласушы мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші мемлекетте орналасқан тұрақты база арқылы тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және соларға байланысты табыс төлеу

жүргізілген құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға байланысты болса, осы Конвенцияның 6-бабының 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табыстарға осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Конвенцияның 7-бабының немесе 14-бабының ережелері қолданылады.

23-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Егер Уағдаласушы мемлекеттің резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес екінші Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс алған жағдайда, алғашқы айтылған мемлекет осы резиденттің табысына салынатын салықтан осы екінші мемлекетте төленген табыс салығына тең соманы шегеруге рұқсат береді;

Алайда, кез келген жағдайда, табысқа жатқызылуы мүмкін, осы екінші мемлекетте салық салынуы мүмкін, шегеруге дейін есептелген табыс салығының бөлігінен аспауға тиіс.

2. Егер Конвенцияның кез келген ережелеріне сәйкес Уағдаласушы мемлекеттің резиденті алған табыс осы мемлекетте салық төлеуден босатылған жағдайда, дегенмен осы мемлекет осы резидент табысының қалған бөлігіне салынатын салық сомасын есептеген кезде салық төлеуден босатылған кірісті назарға ала алады.

3. Сауд Арабиясы Корольдігі жағдайында қосарланған салық салуды болдырмау әдісі Сауд азаматтарына қатысты Зекет (Zakat) жинау режимінің ережелеріне зиян келтірмейді.

24-бап

Өзара келісу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғып отыр немесе әкеп соғады деп есептесе, ол осы мемлекеттердің ішкі заңнамасында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының қарауына бере алады. Бұл жағдайда, өтініш осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соқтыратын іс-әрекеттер туралы алғаш хабардар болған сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Егер құзыретті орган өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, ол осы Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы мемлекеттердің ішкі заңнамаларында көзделген уақыттағы кез келген шектеуге қарамастан орындалатын болады.

3. Уағдаласушы мемлекеттердің екеуінің құзыретті органдары осы Конвенцияны түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмәндерді өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Олар, сондай-ақ осы Конвенцияда көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-бірімен консультация өткізе алады.

4. Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары алдыңғы тармақтарды түсінуде келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланысқа түсе алады.

5. Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары өзара келісім бойынша осы Конвенцияны және әсіресе, Уағдаласушы мемлекеттердің резиденттері осы Конвенцияда көзделген салықтық жеңілдіктерді алу немесе екінші мемлекетте салықтардан босатылу үшін бағынатын талаптарды қолданудың тиісті тәсілін белгілей алады.

25-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе осы заңнама бойынша салық салу осы Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы мемлекеттердің ішкі заңнамаларын орындау үшін қажетті ақпаратпен алмасады. Ақпарат алмасу осы Конвенцияның 1-бабымен шектелмейді. Уағдаласушы мемлекет алған кез келген ақпарат осы мемлекеттің ішкі заңнамасы шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және бірінші сөйлемде айтылған бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе салықтарға қатысты шағымдарды қараумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана хабарланады. Осындай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар осы ақпаратты ашық сот отырысы барысында не сот шешімдерін қабылдаған к е з д е а ш а а л а д ы .

2. Ешқандай жағдайда осы баптың 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы м е м л е к е т к е :

а) осы немесе екінші Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпаратты беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа қайшы келуі мүмкін ақпаратты беру міндеттемесін жүктейтіндей түсіндірілмейді.

26-бап

Арнайы ережелер

Осы Конвенцияның 10, 11 және 12-баптарында көзделген, Уағдаласушы мемлекеттің Үкіметі (Сауд Арабиясы Корольдігі жағдайында Сауд Арабиясының Валюта Агенттігін және Қазақстан жағдайында Ұлттық Банкті қоса алғанда) алатын және Уағдаласушы мемлекеттің екінші Уағдаласушы мемлекеттегі мемлекеттік органдарына толығымен тиесілі табыс осындай табыстарды алынатын акцияларды, борыштық талаптарды немесе құқықтарды иеліктен шығарудан алынатын кез келген табыспен қоса осы екінші мемлекетте салық салудан босатылатын болады.

27-бап

Дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелердің қызметкерлері

Осы Конвенциядағы ештеңе де дипломатиялық миссиялар мен консулдық мекемелер қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормаларына сәйкес немесе арнайы шарттардың ережелеріне сәйкес салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

28-бап

Өзге ережелер

Егер осындай кәсіпорындар немесе олардың арасында жасалған мәмілелердің мақсаты немесе негізгі мақсаттардың бірі осы Конвенцияға сәйкес басқа жағдайда қол жеткізуге болмайтын пайда алу болса, осы Конвенциядағы ештеңе де салық салудан жалтарудың және салық салуды болдырмаудың алдын алу жөніндегі, Уағдаласушы мемлекеттің кәсіпорындары мен екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан кәсіпорындар арасындағы мәміледен туындайтын шығыстар мен кез келген шегерімдер бойынша шектеулерге қатысты ішкі ережелерді қолдануға әсер етпейді.

29-бап

Күшіне енуі

1. Әрбір Уағдаласушы мемлекет дипломатиялық арналар арқылы екіншісіне осы Конвенцияның күшіне енуі үшін осы мемлекеттердің заңнамасы бойынша қажетті рәсімдердің аяқталуы туралы хабарлайды. Конвенция соңғы хабарлама алынған айдан кейінгі екінші айдың бірінші күні күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияның ережелері:

а) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1

қаңтарынан кейін төленетін сомаларға қатысты төлем көзінен ұсталатын салықтарға қ а т ы с т ы ; ж ә н е

б) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан немесе 1 қаңтарынан кейін басталатын салық салынатын кезең үшін басқа салықтарға қатысты қолданылады.

30-бап

Қолданылуын тоқтату

1. Осы Конвенция Уағдаласушы мемлекеттердің бірі дипломатиялық арналар арқылы екінші Уағдаласушы мемлекетке Конвенция күшіне енген күннен бастап бес жылдық кезең өткеннен кейінгі кез келген күнтізбелік жылдың 30 маусымынан кешіктірмей, қолдануды тоқтату туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Конвенцияның қолданылуын тоқтатпайынша, күшінде қала береді.

2. Мұндай жағдайда Конвенция :

а) мұндай хабарлама берілген күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін төленетін сомаға қатысты төлем көзінен ұсталатын салықтарға қатысты; және

б) хабарлама берілген күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін басталатын салық салынатын кезең үшін басқа салықтарға қатысты өз қолданысын тоқтатады.

Осыны куәландыру үшін тиісті дәрежеде өкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

200 _____ жылғы " ____ " _____ қазақ, орыс, араб және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Түсіндіруде алшақтық болған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Сауд Арабиясы Корольдігінің

Үкіметі үшін

Хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігі Үкіметінің арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға қол қою сәтінде төмендегі қол қоюшылар мынадай ережелер Конвенцияның ажырамас бөлігі болып табылатынына келісті.

1 . 1 0 - б а п қ а қ а т ы с т ы :

Осы Конвенцияның кез келген ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласушы мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын Уағдаласушы мемлекет компаниясының пайдасына 7-бапқа сәйкес салық салынғаннан кейін соманың қалдығына тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы мемлекетте салық салынуы мүмкін және осылайша салынған салық 5 проценттен

а с п а у ғ а

т и і с .

2. 11-баптың 2-тармағына қатысты:

Қазақстанда туындайтын борыштық талаптардан табыс алынған жағдайда, "борыштық талаптан алынатын табыстың жалпы сомасы" термині борыштық талаптардан алынатын табыстың жалпы сомасының 50 процентіне баламалы соманы білдіреді.

3. 24-бапқа қатысты:

Құзыретті органдар ішкі соттардың соңғы қорытындысына дейін кез келген жағдайды шешім қабылдағанға дейін өзара келісу рәсімдерін аяқтауға тиіс.

Осыны куәландыру үшін тиісті дәрежеде өкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

200 _____ жылғы " _____ " _____ қазақ, орыс, араб және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Түсіндіруде алшақтық болған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін басым болып табылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Сауд Арабиясы Корольдігінің

Үкіметі үшін